


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Байырғы және трансұлттық зерттеулер





Кітап: Әдебиет теориясы

Дәріс: 19. Байырғы және трансұлттық зерттеулер

Мақсаты: байырғы және трансұлттық зерттеулер туралы жалпылама түсінік қалыптастыру, эмигранциялық әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру.

Кілт сөздер: байырғы халықтар, ұлттық бірегейлік, трансұлттық зерттеулер.

Біз бүгін байырғы және трансұлттық зерттеулер деп аталатын тақырып туралы сөз етеміз. Атауын естігеннен-ақ түсіне алмай қалған боларсыз? Өйткені қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында мұндай мәселелер көп назарға іліге бермейтін мәселелер санатына жатады. Әйтсе де, соңғы жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары тарапынан жасалған ғылыми ізденістер Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің әдебиеті мен шет елдерде өмір сүретін қазақ диаспорасының әдебиетін жаңаша түсінуге жол ашты. Осының бәрі де бүгінгі әңгімеміздің арқауы болып отырған жергілікті ұлттың әдебиеті мен жалпы халықтар әдебиетінің табиғатын тануға сеп болады.

Әлемдік әдебиеттің айдынына көз салсақ, біздің мәдени-рухани бет-бейнемізге мүлдем ұқсамайтын, барынша күрделі мәдени феномендерге куә боламыз. Байырғы және трансұлттық зерттеулердің өзі осындай аралас-құраластықтан туындаған ғылыми пән болып саналады. Аталмыш тақырыпты дұрыс түсінуіміз үшін отаршылдық мәселесін қаперде ұстауымыз керек. Өйткені басымдыққа ие болған ұлттар мен бодандықтың тақсыретін тартқан халықтар арасындағы мәдени-идеологиялық тартыс-талаптың нәтижесі олардың сөз өнерінде өз ізін қалдырып отырды. Отаршылдық пен отаршылдықтан кейінгі зерттеулер жөнінде біз кейінгі дәрісімізде арнайы баяндайтын боламыз. Ал бүгін мың құбылған қазіргі әлемде өзінің дара үнін шығарып, ұлттық бірегейлігін танытуға тырысқан халықтардың әдебиеті мен осындай күрделі жағдайда бірнеше мәдениетті бойына сіңірген қаламгерлердің әдеби ізденістері туралы сөз қозғайық.

Отарсыздану үдерісі аз уақытта жүзеге асатын шаруа емес. Ұзақ уақыт бойы пісіп жетіліп, халықтың рухани жаңғыруы арқасында ғана жүзеге асатын процесс. Еуропа елдеріне бағынышты болып келген көп елдің отарсыздануы олардың еуропалықтармен шекара жайын ретке келтіріп, әскери бағыныштылықтан босап, іргесін ажырата бастаған кезеңімен тұспа-тұс келеді. Кезінде еуропалықтар оларды қарабайыр да қатыгез жолмен өздеріне бағынышты етіп алған еді. Мұндай жағдай Үндістаннан басталып, Африка мен Америка елдеріне дейін жетіп, әлемнің көп бұрышын шарпыған болатын. Жаулап алудың қай кезде де жақсылық әкеле қоймайтыны белгілі. Ол көп жағдайда үстем ұлттың пайдасына шешіліп, мүддесіне қызмет ететін әртүрлі тарихи-саяси оқиғаларды туғызды. Алайда сырттай қарағанда жағымды болып көрінетін кейбір факторлардың да бар екенін ескеруіміз керек. Жалпы, осындай отаршылықтың салдарынан жер бетіндегі қаншама халық аяусыз қырғынға ұшырап, біржолата жоқ боп кетті. Қалғаны тым әлсіз әрі бағынышты күйге тап болып, ауыр трагедияларға көнуге мәжбүр болды. Байырғы өркениеттер мен мәдениеттер келмеске кетіп, еркін де егемен елдердің көбі басыбайлы құлға айналды. Ал олардың өз меншігі болып саналатын аса бағалы қымбат қазына-байлығының бәрі дерлік әлі күнге дейін Еуропа елдерінің иелігінде қалып отыр, солардың құнды заттарына айналған. Дегенмен Еуропа жаулап алған елдеріне білім беру жүйесімен қатар, алғаш рет әлемді қоғамдастырған ортақ тілі арқылы қазіргі заманғы саяси нысандар мен институттарды да ала келді. Мысалы, ағылшын тілі Оңтүстік Азияда, Африканың бірқатар елдерінде, француз, испан тілдері Американың кейбір елдерінде ортақ қатынас тіліне айналды. Содан Еуропадан шалғайда жатқан әлемнің біраз бөлігінде еуропалық тілдер ресми тіл ретінде орнығып қалды.

Дегенмен бодандыққа кез келген халық бірден көне қоймайтыны ақиқат. Жергілікті тұрғындар үнемі қарсыласып, барынша бағынбауға жанын салып күресті. Мысалы, қазақтың тарихын таразылаған ғалымдар өткен екі ғасырдың өзінде қазақ даласында үш жүзден астам бас көтерулер болғанын растайды. Сол секілді, әлемнің басқа түкпірлерінде өмір сүретін халықтар да мұндай құбылыстан сыртқары тұра алмақ емес. 1755 жылғы Плессидегі қозғалыстан бастап 1954 жылдағы Диен Биен Фудағы көтерілістерге дейін империалистердің арбауы мен аяр саясатына қарсы ұйымдастырылған толқулар аз болған жоқ. Байырғы халықтар еуропалықтардың саяси және әскери қысымына көнбей, төл мәдениетін жоюға бағытталған



ұмтылыстарды қабылдамады. Өздерінің дәстүр-салты мен ұлттық тілінің жойылып бара жатқанын айтып дабыл қағып, ұлт ретінде сақталып қалудың бар амал-әрекетін жасап бақты. Жердің астыңғы, үстіңгі байлығын талан-таражға салған отаршылдардың әр ісіне барынша қарсылық танытуға тырысты. Жалпы, осы секілді екі жақты қақтығыс қатар жүріп отырды. Мұны мүдделер қақтығысы деуге болатын шығар. Бір жағында тәуелсіздігі үшін күрескен ел тұрса, екінші жағында коммерциялық мақсатты көздеген пайдакүнемдер тұрды. Өз елдерінде демократияны, ал өзге елдердегі автократияны ұзақ уақыт ұстап тұра алмайтынын түсінген ағылшындар мен француздар ақыр-аяғында кейбір елдерге бостандық беруге мәжбүр болды. Соның себебінен Ирландияда, Ирак пен Алжирде, Үндістан сынды алып мемлекетте империяның көбесі сөгіліп, іргесі ыдырады. Дәл осы сарындағы дүрбелеңдер қазіргі күнге дейін Таяу Шығыста жалғасып жатыр. Палестинадағы еуропа-америкалық отаршылдықтың сабақтары көршіңмен тату тұрғың келсе, онымен қарым-қатынасыңды жөнге салу керектігін тағы бір рет ұғындырғандай болды.

Империализм жалпы адамзатты дүлей күшпен өршелендіріп отыратын надандық, менмендік пен ашкөздік сияқты кесепаттармен сабақтасып бой көтерді, сондықтан оны күллі әлемді гүлдендіріп, теңдікте ұшпаққа шығаратын жаһандық қауымдастық құрудың баламасыз тұғыры деуге болмайды. Дегенмен ол жер шарының әртүрлі бөліктерін мәдени және экономикалық тұрғыдан байланыстыра отырып, осы қоғамдастыққа жетудің өзегі бола білді. Мұндай байланыстар заманауи әлемдегі экономикалық жаһандану мен «Қара Атлантика» сияқты трансгеографиялық мәдени құбылыстарда өте кең таралған. Осындай байланыстар мен кірігулер арқасында көне орталықтар мен басым бағыттар мидай араласып кетеді. Кариб, африка, ағылшын болып араласқан отаршылдықтан кейінгі этникалық және мәдени тамырластықтың ағылшындығы қазір кейбір жағдайларда байырғы ағылшындардың өзінен де асып түседі. Олар ежелде жұртты қайран қалдырған англо-саксон текті ағылшын жазушыларының шығармаларынан кем түспейтін таңқаларлық тартымды көркем проза туғызуда. Егер жателдіктер өздерінің мәдени көзқарастарын білім беру жүйесі арқылы енгізуге тырысса, жергілікті халық тәуелсіздік үшін саяси ымыраласуға негіз бола алатын ұлттық ерекшеліктерді көрсететін байырғы ұлттық мәдени нысандар мен ана тілінің пайдасы үшін империялық жат мәдениет пен өктем тілден бас тартты. Сол сияқты, отаршылдықтан кейінгі басқа да ғалымдар ұлттың азаттыққа қол жеткізуі үшін мәдениетті саяси құрал ретінде пайдалануға тырысқан жазушылар лигасы сияқты жергілікті қозғалыстарға белсене қатысты. Жалпы, олар тілдің жайына келгенде аса сақтық танытуға тырысты. Өйткені, тіл дегеніміз – жалпы ұлттық дүниетанымның көрінісі. Сондықтан да, империя тілін қабылдау, шын мәніне келгенде, империализмнің дүниетанымын, өз мүдделеріне қайшы келетін барлық өктем хәм жымысқы пиғылдарымен тұтас қабылдау деген сөз болатын. Дегенмен бірқатар қаламгерлер мен зиялылар отаршылдық пен отаршылдықтан кейінгі жағдайға тиянақ болған шығармашылық араласу мүмкіндіктерін тиімді пайдаланды. «Мэстижо» және «креол» деген терминдер осындай ойлау тәсілі тұрысынан келтірілген. Оның мәнін аша кетейік. Империялық теңдестірудің бірегейлік пен тілдер сияқты екі тарабы жаңа субъективті және тілдік мүмкіндіктерді күшейту үшін бірігуі мүмкін. «Мэстижо» дегеніміз – аралас нәсілді адам, ал «креол» – ағылшын немесе француз секілді тіл элементтерін байырғы халықтар диалектілерімен қоса кіріктіретін аралас тіл.

Осы орайда, трансұлттық зерттеулердің бастауы көрінеді. Жалпы, трансұлттық теория бастапқыда антропология, элеуметтану және саясаттану сынды ғылым салаларында айрықша мәнді болса, кейінгі кездерде әдебиеттану ғылымының да аса маңызды пәндерінің біріне айналып отыр. Жоғарыда айтқанымыздай, оның тууына, бір жағынан, отар ел мен үстем ел арасындағы күрделі де күрмеулі қатынастар жүйесі себеп болса, екінші жағынан, екі не үш тілді қатар меңгерген, соның нәтижесінде бірнеше мәдениетті бойына сіңірген қаламгерлер қауымының артуымен де түсіндіруге болады. Сондай-ақ, өз елінен қашыққа кетіп, өзге елге қоныс аударған жазушылардың шығармашылығын да трансұлттық зерттеулер аясында қарастыру қалыпты жағдайға айналды. Өйткені жазушымен бірге мәдени-рухани құбылыстардың да эмиграциясы жүзеге асады. Оның жаңа ортаға сіңісуі мен өз түптамасын іздеуі арасындағы күрделі құбылыстар қалам ұстаған қауымның шығармашылығына да ерекше ықпал етіп, оның дискурстық-нарративтік сипатынан да айқын аңғарылып тұрады.



Жалпы, трансұлттық зерттеулердің басы ретінде біз батыстық ғалымдардың еңбектерін айтамыз. Өйткені бұл мәселе ең алғаш рет Хоми Баба, Азад Сейхан, Куан Антони Апия, Никос Папастергиадис, Рачел Троусдейл (буллит поинтпен) сынды зерттеушілердің ғылыми ізденістері арқылы ғылыми қауымға танылды. Бұл ғалымдардың басты назарда ұстайтын мәселелерінің қатарында гибридік, фрагментті бірегейлік, тілдік және мәдени кодтардың плюрализмі, экстерриториялылық және билингвизм сынды ұғым-түсініктер кіреді. Трансұлттық теорияның жақтаушылары әдеби туындыны тек бір ғана ұлт мәдениетімен ұштастыра отырып зерттемейді. Оның мәнін терең ашып беру үшін бір емес, бірнеше мәдени-өркениеттік және рухани-идеологиялық құбылыстардың ерекшеліктеріне жүгінуді жөн көреді. Сол арқылы ғана жазушының шығармашылық зертханасына терең бойлап, ондағы кейіпкерлердің ішкі әлемін шынайы ашып беруге мүмкіндік болады деген пікірді алға тартады. Мұндай зерттеулердің тууына, бір жағынан, «ұлт» деген терминнің түпкі мәніне терең үңілу де әсер етпей қоймады.

Бүгінде ұлттық, тіпті, этникалық мәдени бірегейліктерге қатысты идеяларды жергілікті қауымның дәстүрлі және мәдени нормалары мен бірегейліктері тоғысатын және араласатын жағдайларында қолдану қиынға соғып отыр. Соның бір айқын мысалы ретінде, Зади Смиттің шығармашылығын алсақ болады. Оның «Ақ тістер» деп аталатын шығармасының кейіпкерлерін этникалық мәдениеттің өкілі дей алмас едік. Қаламгердің кейіпкерлері де біздің үйреншікті дәстүрлі әдеби туындыларда кезіктіретін кейіпкерлерге ұқсай бермейді. Олардың бірегейлігі әдеттегі бір ғана этностың өзіне ғана тән даралығының аясына сыймайды. Аса күрделі әрі өзара жымдаса өрілген екі немесе одан да көп таспалардан тұрады. Отаршылдық ешқашанда бірімәнді болған емес, бірақ мұндай көпқұрамдылық пен салыстырмалы бірегейлік оның салдарын тіптен шиеленістіре түседі. Отаршылдар империялық біртектілікке сіңістіру мақсатында өздерінің мәдениетін мүлдем басқа мәдениетке барынша теліп, өздеріне ессіз еліктеуге мәжбүрледі. Үстем топтың біртұтас бірегейлікке деген өктем ұмтылысы билікке деген әрқилы наразылықты туғызды, өйткені мұндай талпыныстар еріктілік пен ішкі қалаудың қандайына болмасын қайшы келетін үрдіс болатын. Нәтижесінде, оларда көбінесе табиғи еліктеуден гөрі, ишаралы мысқыл басым шығып жатты. Кейбірі өздерінің сынақтан өткен тәжірибесі мен ана тіліне негізделген байырғы, көбіне ауызша мәдениет немесе фольклорлық ұлттық мәдениеттің идеалдарынан пана іздеді. Күштеп өз бірегейлігін таңу деген оңай жүзеге аса қоятын құбылыс емес екенін тарихтан жақсы білеміз. Өйткені, бірегейлік, даралық деген құбылыстар ұлттың терең тамырлы түпсанасында берік сақталған болады. Оны қандай да бір саяси не экономикалық күштеумен бұзып жару қиынға соғуы кәдік. Мысалы, қазақ ұлтының өзіне ғана тән даралығын күштеп жойып, оның тілі мен дінін, дәстүрі мен салтын тоқырауға ұшыратса да, отарлаушылар өздерінің түпкі мақсатына жете алған жоқ. Өйткені, бірегейлік бірер он жылда жоғалатын дүние емес екен.

Қазіргі ағылшын әлеміндегі мәдени мүмкіндіктердің көбі метрополия мен шалғай аймақтағы, империялық орталық пен бұрынғы бодан елдер арасындағы қатынастарды танытатын экономикалық теңсіздік жағдайынан туындайды. Мысалы, «Ақ тістер» шығармасының кейіпкерлері экономикасы төмен болғандықтан өз елінен кетіп, дамыған Англияға өз жағдайларын жақсарту үшін келген қоныс аударушылар болып саналады. Жалпы, осы секілді мигранттардың болмыс-бітімі, психологиялық-мәдени бет-бейнесі қазіргі әлемдік ағылшын әдебиетінде ерекше орын алады. Сонымен бірге, әртүрлі географиялық аймақтардағы көптеген осыған ұқсас ахуалдар қазіргі ағылшын тілінің жалпы халықаралық құндылығына айналған. Мұндай мәдени интернационализмді әлі де жалғасын тауып жатқан экономикалық жаһанданудан бөле жара қарастыруға келмейді. Себебі, арзан жұмыс күші есебінен қыруар қаржы мен мол байлыққа ие болуды көздейтін, соның арқасында әлем халқының тоқсан пайызының есебінен шексіз байлыққа жетіп отырған топтар бар, яғни әдебиеттегі қазіргі үстем болып отырған кейбір үрдістердің сырын ашып, мәнін ұғыну үшін осы секілді саяси-қаржылық алпауыттардың мәселесін де ұмытпаған жөн секілді. Жергілікті халық үшін бұл секілді жаһанданудың шығындары мен пайдасы арасындағы байланысты нақты көрсету оңайға соқпасы анық. Тек империализм жағдайындағы биліктің екі ойыншы арасындағы әділетсіз құрылымдық қарым-қатынастан табатын пайдасын бағамдауға болады. Жалпы, қалыптасып қалған әдеби канондардың іргесі сөгіліп, оның орнын тарихи-мәдени әділеттілікті талап еткен мәдени-рухани жаңа үрдістер басып келеді. Соның бір мысалы ретінде біз қазіргі трансұлттық



және жергілікті мәдениетке тиесілі еңбектерді айтар едік. Мұндай сипаттағы әдеби мәтіндерді тың методологиялық ұстанымдармен зерделеу ісі қазіргі ғылымда барынша кең таралып жатқаны жасырын емес. Оның қарқыны біздің елімізге де келіп үлгерді. Алдағы уақытта кейіпкерлердің мәдени-психологиялық ерекшеліктерін әдеби тұрғыдан ғана емес, басқа да ғылым салаларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып ашып беретін зерттеулердің жасалатын уақыты алыс емес секілді. Әзірге жоғарыда тілге тиек етілген Әдебиет институтының ғалымдары шығарған ұжымдық монографияда трансұлттық зерттеулердің алғашқы ізденістері ғылыми сарапқа салынды. Онда Қазақстанда тұратын халықтардың қаламгерлерлері мен шет елдерде тұратын қазақстандық авторлардың көркем туындыларындағы мәдени-рухани бірліктерге талдау жасалынады. Оның бір артықшылығы сол, трансұлттық зерттеулердің түпбастауында Хоми Баба секілді америкалық ғалымдардың еңбектерімен тікелей ұштастырыла зерделенді. Барынша түрленген қазіргі әлемде трансұлттық зерттеулердің кең жайылуының себептері де жоқ емес. Ол туралы бүгінгі дәрісімізде азды-көпті баяндадық. Ал енді осы тақырыптың жалғасындай, жалпы, бүгінгі дәрісімізбен тікелей ұштас постколониализм теориясы туралы келесі дәрісімізде айтатын боламыз.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. «Мэстижо» және «креол» сөздерінің мәнін ашыңыз.
2. Трансұлттық зерттеулердің көрнекті өкілдерін атаңыз. Олардың қандай еңбектерін білесіз?
3. Ұлттық бірегейдік дегенді қалай түсінесіз?
4. Трансұлттық зерттеулер ең алдымен қандай мәселелерді назарға алады?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
2. Homi K. Bhabha. The Location of Culture. London, – 400 б.